

**КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы**

**Білім беру саласы: «Қатынас»**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сөйлеуді дамыту»**

**Тақырыбы: «7-мамыр Отан қорғаушылар күні»**



**«Құлыншақ» ересек тобы**

**Өткізген: Самайева Ж.Ж**

**2022 оқу жылы**

**Бекітемін** \_\_\_\_\_

**Күні:**

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**ҰОҚ:** «Сөйлеуді дамыту»

**Тақырыбы:** «7-мамыр Отан қорғаушылар күні»

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Балаларға Отан туралы түсінік бере отырып, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Дамытушылығы:** Балалардың ой-өрісін, сана-сезімін дамыту. Жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды отан қорғауға, Ұлы отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету.

**Тәрбиелігі:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Балалардың бойына адамгершілік, қамқорлық сезімдерін ұялату.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

**Керекті көрнекіліктер:** Суреттер, әскери көрнекіліктер, дидактикалық материалдар, АКТ материалдары.

**Билингвальді компонент:** Сарбаз-офицер, қорғау-защита, Отан-родина.

**ҰОҚ жүру барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

Ля-ля, ля, ля ля,

Алдымызда кезіккен,

Тоқтаңыз, көңіл бөліңіз

Бәріңде ізетпен

Сәлемдесіп жүреміз.

Здравствуй, здравствуй милый мой,

Здравствуй, здравствуй друг

Ты мне всегда улыбнись,

Крепкое обнимись.

Ля, ля, ля, ля, ля.

**Тәрбиеші:** Балалар тыңдаңдаршы бір дыбыс естілетін сияқты. Ненің дыбысы екен? Кім екенін білгілерің келеді ме?

**Балалар:** Әрине білгіміз келеді!

**Тәрбиеші:** Олай болса балалар бізге телефон соғып жатқан Арудың әскердегі ағасы екен! Кәнекей телефонға жауап беремізба? Не үшін телефон соғып жатқанын білгіміз келеме?

**Ғажайып сәт:** Осы кезде телефонның ар жағынан жас сарбаздың даусы естіледі.

**Сарбаз:** Сәлем балақайлар! Мені танып тұрсыңдарма? Мен сендердің достарың Арудың әскерде борышын өтеп жүрген ағасымын. Балалар мен сендерге жайдан-жай соғып тұрған жоқпын. Болашақ кішкентай батырларымызды келе жатқан 7-мамыр Отан қорғаушылар күнімен құттықтау үшін соғып тұрмын. Балалар сендер болашақ

сарбазсыздар!Еліміздің,жеріміздің болашағы сендердің қолдарыңда!Сол үшін үнемі спортпен айналысып,дұрыс тамақтанып жүрулерің керек. Балалар мен сіздерге өзімнің тапсырмаларымды беріп жібердім. Ендеше сол жаттығуларды күнде жасап жүрсеңіздер өскенде елін,жерін қорғайтын, айбынды, мықты сарбаз бола аласыздар!Сау болыңдар балақайлар!

**Тәрбиеші:**Жас сарбаз сізге көп-көп рахмет!Біздің топтағы кішкентай болашақ ұландарымызды құттықтап соққаныңызға!Балалар бізге телефон соққан кім екен?Кәнекей кім айтады екен?

**Балалар:**Телефон соққан Арудың ағасы жас сарбаз!

**Тәрбиеші:**Жас сарбаз бізге не үшін соқты балалар?

**Балалар:** «7-мамыр Отан қорғаушылар күнімен» құттықтау үшін соқты.

**Тәрбиеші:** Жарайсың,сен керемет жауап бердің! Иә,балалар дұрыс айтасыздар!Біздің арамыздада кішкентай болашақ сарбаздарымыз бар.Міне, балалар бүгінгі өткелі отырған ұйымдастырылған сабағымыздың тақырыбы «7-мамыр Отан қорғаушылар күні»туралы болмақ.

Мамыр айының 7 жұлдызы Отан қорғаушылар күні деп жарияланды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ҚР әскер қатары жаңарып,қарулы күштері нығайды.Дәстүр бойынша осы мереке күні елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әскери қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған қарулы күштер қызметкерлерін марапаттайды.Өйткені балалар Отан қорғаушылар күні-түні біздің тыныштығымыз үшін ұйықтамай қызмет етеді.Біздердің алаңсыз осылай отырғанымыз сол Отан қорғаушылардың еңбегі.

Қазақта Отан үшін отқа түс күймейсің-деген сөз бар екен.Осы Отан үшін жанын қиған қанша батыр ағаларымыз бар.Біз оларды ұмытпай құрметпен еске алуымыз керек.

Отан қорғаушылар арнайы жасақталған киіммен жүреді екен.Олар үстеріне жаудың көзіне түспес үшін шөп түстес кеудеше мен шалбар киеді.Бастарына күн өтпейтін панама,аяқтарына қорғаныш қабаты бар арнайы аяқ киімдер киеді екен.

**Тәрбиеші:**Балалар сарбаздың тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба?Олай болса сарбазымыз бізге бірнеше тапсырмасын беріп жіберіпті.

**Дид/қ ойын:** «Сарбазды киіндіреміз»

**Мақсаты:** Балалардың аңғарымпаздық,шапшандық қасиеттерін дамыту.Қол икемділіктерін арттыру.

**Шарты:**Тақтада ілінген сарбазды , әр түрлі кедергілер арасымен сүрінбей өтіп бару арқылы киіндіру.

**Тәрбиеші:**Балалар айтыңдаршы сендер сарбаздың қандай киімдерін кигіздіңдер?Кім айтады екен?

**Тәрбиеші:**Отан қорғаушылар күніне арналған тақпақтар айтамызба?Кәне,кім тақпақ айтқысы кеп тұр екен?

**1.Мәншүк апай батыр қыз,**

Ардақтаймыз атын біз.

Ұқсап Мәншүк апайға,

Өсіп келе жатырмыз.

Ару

2. Отан – көкшіл туымыз.

Отан біздің еліміз,

Отанды қорғап жүреміз

Туып өскен жеріміз. Асемай

3. Қызмет етіп Отанға,

Бола білсең нағыз ер.

Мақтан тұтар ерлерді,

Туған елің, туған жер. Азат

**Тәрбиеші:** Бәрекелді балалар, тақпақтарың керемет.

**Тәрбиеші:** Балалар сарбаз ағайларымыз тағы қандай құралдарды пайдаланады екен? Кәне, кім айтады екен?

-Қару жарақтар пайдаланады!

-Сөмкелеріне дайын тамақтар салып жүреді!

-Арнайы үйретілген иттермен жүреді!

**Тәрбиеші:** Иә, балалар дұрыс айтасыңдар! Бұл айтылған заттардың барлығы сарбаздарға керек екен. Балалар Отан қорғаушылардай, сендерде үлкен азамат болғанда әскери қызмет етуге барасыңдар, Отанымызды қорғап нағыз жігерлі азамат, сарбазға айналасыңдар. Балалар кезір қимылдық ойын ойнаймыз.

**Слайд көрсету: Дид/қ ойын: «Артығын тап»**

Шарты: Акт да берілген суреттер арасынан артық затты тауып айтуы керек.

**Сергіту сәті: «Асық әні»**

**Дид/қ ойын: «Отан қорғаушылар» Пазлы құрастыру.**

Шарты: Балалар берілген қиынды суреттерді құрастыру арқылы Отан қорғаушылардың бейнесін құрастырып әңгімелеу керек.

**Ән: «Отанымның ертеңі»**

Тәрбиеші:

-Балалар бүгін біздер кімдер туралы айттық?

-7 мамыр қандай мереке болды?

-Батыр болу үшін, елімізді жаудан қорғау үшін қандай болуымыз керек?

Жарайсыңдар балалар! Сендер бүгінгі оқу қызметімізге жақсы қатыстыңыздар!